Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 15 маусым № 4712-24-00-2/1489 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Мұрат Өскенбаев атындағы Балалар музыка мектебі» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Мұрат Өскенбаев атындағы Балалар музыка мектебі» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның жауапкер «TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 15.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.06.2024, судья Аташева А. О., 24.07.2024
4712-24-3-1/1280

«TechPoshStroiService» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 15.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.06.2024, судья Аташева А. О., 24.07.2024

4712-24-3-1/1280